

«М. А. Гендельманнның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.81-83.

ӘОЖ: 619:636.3(574.3)(045)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОЙ ІШЕГІ БИОЦЕНОЗЫНДАҒЫ ГЕЛЬМИНТТЕР ҚҰРАМЫ

*Елемесова Б., 2 курс докторанты,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Қой шаруашылығы ауыл шаруашылығының дәстүрлі салаларының бірі болып табылады, оның дамуы малдың әртүрлі ден-саулық мәселелеріне, әсіресе,гельминтоздардың таралуына байланысты тежеледі. Осы паразитоздар жануардың өліміне немесеөнімділігінің төмендеуіне себеп болып, үлкен экономикалық зиян келтіреді [1, 2, 3].

Гельминттердің қой шаруашылығына келтіретін орасан зор шығынына карамастан, олардың ас қорыту жолдары биоценозындағы рөлі жеткілікті зерттелінбеген.

Осыған байланысты жұмысымыздың мақсаты Орталық Қазақстандағы ішек-қарын трактысында кездесетін гельминттердің түрлік құрамын зерттеу болды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеулер 2021-2022 жылдары Орталық Қазақстанның әртүрлі шаруашылықтары мен жеке шаруа қожалықтарының қойларынжеке қасапханаларда сойылған кезде жүргізілді. Гельминттердің түрлік құрамы Скрябин әдісімен (1928) әр түрлі жастағы 49 қойдың ас қорыту жолдары толық гельминтологиялық жарып-сою нәтижелері бойынша анықталды. Паразиттерді туысқа және түрге дейін анықтау классикалық тәсілмен морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес арнайы анықтауыш кестелер көмегімен жүргізілді [4, 5].

Алынған сандық көрсеткіштердіңстатистикалық өңделуі Excel кестесінде жасалынды.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу барысында төмендегі гельминт түрлері мен туыстары: *Trichostrongylidae spp.*, *Trihuris ovis*, *Skrjabinema ovis* және *Moniezia spp.* (1-5 суреттер) табылды.

1 кесте - Орталық Қазақстандағы қойдың гельминттермен залалдану көрсеткіштері

| Жеке шаруа - шылық | Зерте - лінген қой саны | <i>Trihuris ovis</i> (дана) | | | <i>Skrjabinema ovis</i> (дана) | | | <i>Trichostrongylid aesp.</i> | | | <i>Moniezia spp.</i> | | |
|--------------------|-------------------------|-----------------------------|---------|----------|--------------------------------|---------|-----------|-------------------------------|---------|----------|----------------------|--------|-----------|
| | | са- ны | И Э*, % | ИИ*, экз | са- ны | И Э*, % | ИИ *, экз | са- ны | И Э*, % | ИИ*, экз | са- ны | ИЭ*, % | ИИ**, экз |
| 1 | 14 | 5 | 35.7 | 4±0,2 | - | - | - | 9 | 64.3 | 96±3,8 | 8 | 57.1 | 3±0,3 |
| 2 | 18 | 9 | 50. | 13±0, | 3 | 16. | 5±0, | 12 | 66. | 83±3, | 3 | 16.6 | 4±0,0 |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---------|----|----|------|-------|---|-----|-------|----|------|--------|----|------|-------|
| | | | 0 | 2 | | 6 | 2 | | 7 | 4 | | | 1 |
| 3 | 17 | 5 | 29.4 | 9±0,8 | 1 | 5.8 | 2±0,1 | 7 | 4.1 | 42±1,2 | 3 | 17.6 | 7±1,0 |
| Барлығы | 49 | 19 | 38.7 | 9±0,7 | 4 | 8.2 | 3± | 28 | 57.1 | 75±3,2 | 14 | 28.5 | 5±0,6 |

ИЭ – инвазия экстенсивтігі

ИИ – инвазия интенсивтігі

Сойып-зерттеу нәтижесінде инвазия экстенсивтігі *Trihuris ovis* 38.7%, *Skrjabinema ovis* 8.2%, *Trichostrongylidae spp* 57.1% және *Moniezia spp.* 28.5 % анықталды.



1 сурет *Trihuris ovis*
б) *Skrjabinema ovis*



2 сурет - *Trichostrongylidae spp.* аналығының
микроскоп арқылы көрінісі




3 сурет - Ұлтабардағы
Trichostrongylidae spp.
көрінісі



4 сурет - *Moniezia spp.*

а – ішектегі локациясы; б – жетілген цестодалар

Trichostrongylidae тұқымдасына жататын ас қорыту жолдары стронгиляттарының төрт туысы анықталды: *Nematodirus spp.*, *Trichostrongylus spp.*, *Haemonchus spp.*, *Ostertagia spp.*



5 сурет - *Trichostrongylidae* туысына жататын гельминттер
 a – *Nematodirus*spp.; b – *Trichostrongylus*spp.; c – *Haemonchus* spp.; d –
*Ostertagias*spp.

2 кесте - Қой гельминттері орыны

| № | Гельминт түрлерінің атауы | Гельминттердің орналасу орыны | | |
|---|------------------------------|-------------------------------|----------|----------|
| | | ұлтабар | ащы ішек | тоқ ішек |
| 1 | <i>Nematodirus</i> spp. | | + | - |
| 2 | <i>Trichostrongylus</i> spp. | + | + | - |
| 3 | <i>Haemonchus</i> spp. | + | + | - |
| 4 | <i>Ostertagias</i> spp. | + | | - |

Жоғарыда көрсетілген гельминттер түрлері *Trichostrongylus*spp., *Haemonchus* spp. және *Ostertagias*spp. ұлтабарда көп кездесті.

Инвазияның қарқындылығы көп жағдайда орташа болды (11-96 дана) және бір қойдың ас қорыту жолында паразиттік стронгилята түрлерінің санына байланысты болды. Соған қарамастан, залалдану популяцияда *Nematodirus*spp., *Trichostrongylus*spp., *Haemonchus* spp. және *Ostertagias*spp. қойлардағы инвазияның экстенсивтілігі мен интенсивтілігінің жоғары мәндерімен ұсынылғаны атап өтілді.

Әртүрлі мал шаруашылығында жүргізу жүйесіндегі облыстар мен аймақтардағы жеке шаруашылықтардың қойларының ішек гельминттарымен зақымдану дәрежесі климаттық, географиялық факторларға, сондай-ақ қой өсіру технологияларына байланысты болды деп болжаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кадыров Н.Т. Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных [Текст]: Учеб. Астана. 2000. -743 с.
- 2 [Huntley JF. The sequential analysis of local inflammatory cells during abomasal nematode infection in periparturient sheep \[Text\] / Huntley JF, Jackson F, Coop RL, Macalodow C, Houdijk JGM, Familton AS, et al. // Vet Immunol Immunopathol. - 2004. - 97.-P. 163-176.](#)
- 3 [Gibbs H.C. Haemonchus contortus and other trichostrongylid infection in parturient, lactating and dry ewes \[Text\] / Gibbs H.C., Barger I.A. // Veterinary Parasitology. - 1986. - Vol. 22. - P. 57-66.](#)
- 4 Боев С.Н., Соколова И.Б., Панин В.Я. Гельминты копытных животных Казахстана [Текст]: учеб. 2 том. Алма-Ата. - 1963.
- 5 Ray M. Kaplan. Biology, Epidemiology, Diagnosis, and Management of Anthelmintic Resistance in Gastrointestinal Nematodes of Livestock [Text] / Vet Clin Food Anim. – 2020. - Vol.36. - P.17-30.